

Тұрғанбекқызы А.,
Алшынова Г.

Фатима Балғаева – қобызды шебер меңгерген, алғашқы кәсіби орындаушы және педагог

Turganbekkyzy A., Alshynova G.

Fatima Balgaeva, a person, who professionally learned playing kobyz, the first professional performer and teacher

Тұрғанбекқызы А., Алшынова Г.

Фатима Балгаева – человек, мастерский выучивший кобыз, первый профессиональный исполнитель и педагог

Аталмыш мақалада қазақтың музыка өнеріне өлшеусіз үлес қосқан Фатима Балғабаеваның музыка өнеріне келген жылдарынан бастап ұстаздық, орындаушылық және ғылыми еңбек жолдары жүйелі түрде сараланады. Жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып орындаған қобызшы ретіндегі қыры танылады. Қазақстан композиторларының қобызға арнап қазақ күйлері мен әндерін, пьесалар мен шығармаларды шығара бастауына ықпал еткен тұлға ретіндегі Фатима Балғабаеваның қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегі кеңінен жазылады. Осы жолдағы ұстаздары мен олардан көрген тәлім-тәрбиесі мен тәжірибесі және педагог ретінде жазған ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектері, шәкірттері жайында сөз болады.

Фатима Балғабаева қобызшылардың кәсіби жаңашыл бағыттарын, уақыт талабына сай, кәсіби шеберліктің жетілуін, үлкен тәжірибе арқылы үнемі өзгеріске, жақсы нәтижелерге жеткен ғылым жолындағы жұмыстарын және кәсіби музыкалық жеке орындау әдістерін қалыптастырып кетті. Осы ретте Ф. Балғабаеваның есімі қазақ музыка тарихында алтын әріптермен жазылар біртуар тұлға ретінде айқындалады.

Түйін сөздер: қобыз өнері, қобыз орындаушысы, ұлттық музыка, қобыз мектебі, классикалық шығармалар, қазақ күйлері.

In this article we will analyze the ways of formation of research, pedagogical and performing activities of Fatima Balgayeva after her first steps to the sphere of musical art and her invaluable contribution to the Kazakh music. Also we will describe the fact that she is considered the first person who professionally performed classical compositions for a new three-stringed kobyz. The article gives information about Fatima Balgayeva's contribution to melodies, songs, plays and compositions for kobyz of other Kazakh composers. Also we will talk about her mentors, the education and experience conveyed by them on her professional way, including her research and didactic works as a teacher, as well as her own pupils will be discussed.

Fatima Balgayeva created the new directions for professional kobyz performers, worked on the compliance of professional skills to the passage of time, made great progress and change in the sphere due to her extensive experience and scientific approach and worked with techniques of professional performance alone. Proceeding from this it becomes obvious that the name of Fatima Balgayeva will be engraved in the history of the Kazakh music in gold letters.

Key words: art of kobyz, kobyz performer, national music, school of kobyz, classical works, Kazakh melodies.

В данной статье разбираются пути становления исследовательской, педагогической и исполнительской деятельности Фатимы Балгаевой после ее прихода в сферу музыкального искусства и ее неоценимый вклад в казахскую музыку. Так же рассматривается тот момент, что она первой профессионально исполнила классические сочинения для нового трехструнного кобыза. Описываются и вклад Фатимы Балгаевой в мелодии, песни, пьесы и сочинения на кобызе других казахских композиторов. Так же рассказывается о ее наставниках, данные ими воспитание и опыт на профессиональном пути, в том числе ее исследовательские и дидактичные работы в роли учителя.

Фатима Балгаева сформировала новые направления для профессиональных исполнителей на кобызе, работала над соответствием профессиональных навыков течению времени, достигла больших успехов и перемен в этой сфере благодаря ее огромному опыту и научному подходу и работала с методиками профессионального исполнения в одиночку. Исходя из этого становится очевидным, что имя Фатимы Балгаевой будет выгравировано в истории казахской музыки золотыми буквами.

Ключевые слова: искусство кобыза, исполнитель на кобызе, национальная музыка, школа кобыза, классические произведения, казахские мелодии.

**ФАТИМА БАЛҒАЕВА
– ҚОБЫЗДЫ ШЕБЕР
МЕҢГЕРГЕН, АЛҒАШҚЫ
КӘСІБИ ОРЫНДАУШЫ
ЖӘНЕ ПЕДАГОГ**

Қобыз өнері – қазақ халқының ең көне рухани мәдениеті. Жалпы тек қазақ емес, сонау түркі тілдес халықтардың мәдениетінен бастау алады. Қазіргі таңда қобыз – күй өнерінің жалғасы және де қазіргі заман талабына сәйкес заманауи шығармалардың орындаушы аспабы.

Қобыздың осындай деңгейге көтеріліп, әлі де жетілу жолында жүргені, өзіндік тарихы мен тыңдаушысы, орындаушысы, насихаттаушысы барда мәңгі өлмесі анық.

Қасиетті қобызды шебер игерген, сол арқылы музыка өнерін жан-жақты насихаттауда елеулі үлесін қосқан, халқымыздың біртуар қыздарының бірі – қобызшы Фатима Балғаева (1927-2005) болды. Ол 1927 жылы 5 мамырда Шымкент облысының Қызылбастау ауылында дүниеге келді. Жас кезінен-ақ Ф. Балғаева бай музыкалық ортада өсті. Сондықтан музыка өнерін үлкен қызығушылықпен бойына сіңірді.

Одан кейін 1942 жылы Ф. Балғаева Алматыдағы Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясында халық аспаптары оркестріне үйренуші ретінде қабылданды. Бұл кезде 15 жасар Фатиманың алғашқы үлкен өнердің есігін ашуы еді. Алғашында хас шебер домбырашы Науша Бөкейхановтың шәкірті болған екен, кейіннен Республикаға танымал домбырашы Қали Жантілеуовтен дәріс алады. Екі-үш жылдың ішінде домбыраны жетік меңгерген Ф. Балғаева қобызда ойнауды армандайды. Мұны дер кезінде сезген Ж. Қаламбаев Ф. Балғаеваға қобыз үйретудің жолын көрсетеді. Ал Ф. Балғаева, аз уақыттың ішінде күрделі аспапты тез меңгеріп, кәсіби музыкалық еңбек жолын халық аспаптар оркестрінде бастайды. Өзінің музыка өнеріне деген алғашқы қадамын қалыптастырған ұжым – Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрінде, оның мүшесі, кейіннен қобызшылар тобының жетекшісі, әрі жеке орындаушысы ретінде 22 жыл бойы қажырлы еңбек етті.

1944 жылдың 24 шілдесінде Алматы қаласында Құрманғазы атындағы консерватория ашылып, 1945 жылдың қыркүйегінде халық аспаптары бөлімінде алғашқы сабақтары басталды. Бұл бөлімнің құрылуы академик, ғалым, сазгер А. Жұбанов тікелей еңбегінің арқасы екені белгілі. Сол жылдары Ф. Балғаева өз қабілетін жоғары біліммен ұштастырмақ ниетімен жаңадан ашылған Құрманғазы атындағы консерваторияның қобыз сы-

ныбына оқуға түседі. Сол кездегі Петербург консерваториясының профессоры А.С.Ауэрдың шәкірті, белгілі скрипкашы И.А. Лесман дәріс берді.

Жоғары мәдениеттік терең білімі бар Лесманнан алған сабағы, Балғаеваға кәсіби маман ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Ұлағатты ұстаз қобызшыларға сабақ бере жүріп, скрипкашылардың озық әдістемелерін, жинақтары мен өзінің педагогикалық мол тәжірибесін пайдалана отырып, «Қобыз үйрену мектебі» және «Техникалық жаттығулар» атты еңбектерін жазып шығарды.

Осы тұста қобыз үйрену мектебі қылқобыздан басталары сөзсіз. Себебі, сол қолдың тырнақ ішімен орындалу әдісі бірден бір дәлел. Кейіннен скрипкалық шығармалардың репертуарға көптеп қосылуымен біз қобызшылар ысқыш ұстау, интонация, техника өсіру сияқты әдістерді скрипка ойнау әдістерінен алды.

Ұлттық оркестр құрылған шақта, қобызға арналған бірде-бір оқу құралы немесе арнайы шығармалар жоқ еді. Осы аспапқа арналған алғашқы шығармаларды А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Е. Брусиловский, С.И. Шабельский жазды.

Ф. Балғаева – жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып ойнаған қобызшы. Ол өз өнерімен кәсіби қобызға композиторлардың қызығушылығын тудырады. Нәтижесінде, сазгерлердің ішінде ең бірінші болып А.Қ. Жұбанов «Қобызға арналған бес пьесасын» жарыққа шығарды. Оның ішінде «Ария», «Романс», «Көктем», «Жез киік», «Вальс» шығармалары кірді. Композитор мұнда қобыз бен фортепианоға өңдеудің өзінше тәсілдерін тапты. Содан кейін, Қазақстан композиторлары қобызға арнап қазақ күйлері мен әндерін, пьесалар мен шығармаларды шығара бастады. Осы жаңа туындыларды қобызда бірінші болып Ф.Балғаева орындады.

1950 жылы Ф. Балғаева консерваторияны бітіріп, халық аспаптар оркестрінде сым қобызшылар тобының концертмейстері болып көп жылдар елеулі еңбегін сіңірді. Сонымен қатар, ұстаздық, орындаушылық және ғылыми еңбек жолдарын нәтижелі жүргізе білді. Ф. Балғаеваның өміріндегі ерекше атап өтетін оқиғалар: бүкіл дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивальдерінде: Берлинде (1951 ж.), Бухаресте (1953 ж.) және Мәскеуде (1957 ж.) қобызда жеке ойнап, лауреат атағына иеленуі [1, 79].

1958 жылы бірінші рет Мәскеудің үлкен театрында өткен Бүкіл дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалінде қобызда жеке ойнап, конкурстың лауреаты атанады. Сөйтіп, қобыз өнерін бірінші болып шетелдерге таныстырған да, насихаттаған да Фатима болды. Мұндай фестиваль 1953 жылы Бухаресте, 1957 жылы Мәскеуде өтті. Және де 1958 жылы бірінші рет Мәскеудің үлкен театрында өткен қазақ республикасының әдебиеті мен мәдениеті күндерінің соңғы қорытынды концертінде КСРО халық әртісі Н. Тілендиев жетекшілік еткен симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен қобызда жеке орындауда өнер көрсетуі қазақ музыка өнерінің даму тарихында тұңғыш кездескен тамаша оқиға еді [2, 5].

Белгілі Қазақстан композиторы опера, симфония және кантата жанрларының негізін қалаған – Е. Брусиловский өзінің бай шығармашылығында ысқышты аспаптарға арнап бірнеше туындыларды жазып шығарды. Соның ішінде қобызшы Ф. Балғаеваға 1960 жылы арнайы арнап соната жазады. Бұл туынды қобызға арналған тұңғыш күрделі шығарма. Халық музыканы жетік меңгерген композитор, осы жанрды кеңінен насихаттап, ұлттық негізінде шығарған.

Ф. Балғаева тек қазақ даласының туған топырағында емес, сонымен қатар Кеңестер Одағының көптеген қалаларында, өндіріс орындары мен колхоз-совхоздарда, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Украина, Прибалтика республикаларында өнер көрсетіп, тыңдаушылардың ықыласымен сый-құрметіне бөленді. Одақтық және Республикалық концерттік ұжымының құрамында Ф. Балғаева көптеген шетелдерде болып, өз өнерін қалың жұртқа таныстырды.

Кезінде қобыздың «падишасы» атанған ол, қазақ радиосының алтын қорына қобызда орындалған көптеген шығармаларды ұнтаспаға жазып, қобызға арналған шығармалардың орындаушылық шеберліктің қалыптасуына қомақты үлес қосты.

Үлкен өнер иесі, тәжірибелі ұстаз Ф. Балғаева Алматы консерваториясының халық аспаптары кафедрасын, соңынан қобыз-баян кафедрасын 18 жылдай басқара жүріп (1970-1988), жастар арасындағы шебер орындаушыларды тәрбиелеу ісіне зор үлес қосты. Осының арқасында өнерге еңбек сіңірген көптеген жеке орындаушылардың, педагогтардың жоғары жетістіктерге жетуіне жол ашты. Сондықтан, Ф.Балғаева Қазақстанның кәсіби музыка мәдениетінің дамуына, қобыз мектебінің қалыптасуына зор еңбек сіңірген маман ретінде танылды. Оның қазақ музыка мәдениетін

өркендеуіндегі жаңа жетістіктері үшін, 1954 жылы Қазақ КСР-не еңбегі сіңірген әртісі атағы беріледі. Консерваторияда қызмет еткен 45-50 жылдың ішінде қобызшының сыныбынан 100-ден астам шәкірттер тәрбиеленіп шықты [1, 78].

Ф. Балғаеваның жазған ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектерінің мәні де зор. Қобызда үйрену әдістемелік құралдарын және бірнеше Қазақстан композиторларының қобызға арналған шығармаларын жинап, жарыққа шығарды. Құрамына көптеген шығармалар енгізілген жинақтары, жоғары оқу орындары мен музыкалық колледждерде күнделікті қажетті оқу құралдарына айналды. Қазақтың мемлекеттік консерваториясының алғашқы түлегі, көрнекті ұстаз, Қазақстан Республикасының Халық әртісі, профессор Ф. Балғаева өмірінің ақырына дейін ұстаздық қызметін жемісті атқарып келді.

Қорыта келгенде, Фатима Балғаева прима қобыз мектебін қалыптастырушы, кәсіби деңгейге жеткізіп, әдістемелік еңбектерді алғаш құрастырушы. Тамырын тереңге жайған бәйтеректей бүкіл Қазақстандағы прима қобызшылардың кәсіби маман иесі болуына аянбай еңбек еткен оқытушы.

Ф. Балғаеваның шәкірті – профессор Меруерт Қабыкенқызы, қобыз үнінің оралымын ортайтпай, тиегін тыйдырмай, төрт ішегін үндестіре киелі өнердің мәртебесін бүгінгі таңға дейін марқайтып еңбек етіп келеді.

Қобызшылардың кәсіби жаңашыл бағыттарын, уақыт талабына сай, кәсіби шеберліктің

жетілуін, үлкен тәжірибе арқылы үнемі өзгеріске, жақсы нәтижелерге жеткен ғылым жолындағы жұмыстарын және кәсіби музыкалық жеке орындау әдістерін көреміз. Әрине, кемшіліксіз еш нәрсе болмайды, бастапқыдағы ойлар, істелінген жұмыстар тәжірибе арқылы өзгерістерге ұшырайды. Білім әр қашанда бір орында тұруы да мүмкін емес. Соған байланысты жылдармен бастапқыдағы қобыз үйрену әдісі қалғанымен, қазіргі уақыттағы музыкалық білім беру оның ішінде прима қобыз аспабын үйретуде біршама өзгерістер байқалады. Ысқыш жүргізу, прима қобызда ойнау техникасын дамыту, түрлі скрипка мен фортепианоға арналған шығармаларда, жаттығуларда кездесетін қиын штрихтардың прима қобыз аспабында ойналуы, интонациялық дыбыс тазалығының қалай жүзеге асырылуы барлығы жоғарыда жазылған қобызшы ұстаздардың еңбектерінде берілген.

Қобыз қашанда қасиетімен, қоңыр мұңды жырлайтын қоңыр үнімен бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіліп келеді. Бұл аспаптың орындаушысы мен үйренушісі, тыңдарманы мен жанашыры барда ғұмыры ұзақ, болашағы жарқын болғай. Қазіргі таңда скрипкаға арналған шет ел композиторларының шығармаларын нақышына келтіріп, прима-қобыз аспабының жетілуіне ұстаздар аянбай еңбек етуде. Бұл да Қазақстан Республикасының мәдениетінің, қазақ өнерінің жандануы, дамуы, музыкалық білім берудегі жаңашыл бағыттары болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Уразалиева К. Ұлттық музыка мәдениетіндегі қобызда орындау өнері /канд.дисс./ – Алматы, 2010.
- 2 Фатима Балғаева. // Ана тілі. № 38, 22 қыркүйек, 2005.

References

- 1 Urazaliyeva K. Ul'tyq muzyka madenietindegi qobyzda oryndau oneri /kand.diss./ – Almaty, 2010.
- 2 Fatima Balgabayeva. // Ana tili. № 38, 22 qyrkuiek, 2005.